ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 2(18) сәуір-маусым 2019*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

# ДЖ. У. БУШ ТҰСЫНДАҒЫ АҚШ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

**Мырзабеков М.С.[1], Мырзабекова Р.С.[2]**

[1]Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы, т.ғ.к., доцент.,
[2]Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, т.ғ.к., доцент.

**Аңдатпа.** XX ғасырдың 90-ж. АҚШ сыртқы саясатының маңызды басымдылықтарының бірі әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында американың сауда-экономикалық мүдделерін алға бастыру болды. АҚШ әкімшілігі сауда-экономикалық мүдделерді ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен тығыз байланыстырды. Дж. Буш мемлекет басшысы ретінде өз миссиясы мен Америка миссиясын «Тәңірдің жоспары» деп атады. Мақалада кіші Дж.Буш тұсындағы АҚШ сыртқы саясатының негізгі қағидаларына сараптама жасалады. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы АҚШ-тың сыртқы саяси мақсаттарын іске асыру механизмдері сипатталады. Мақалада «қауіпсіз әлемді қалыптастыру» және «Америка халқы мен халықаралық қауымдастықтың игілігіне демократияны тарату» қағидаларына негізделген АҚШ сыртқы саясатының күрделі сипаты көрсетіледі.
**Түйін сөздер:** прагматизм, реализм, стратегия, АҚШ, демократия, көпжақты дипломатия, НАТО, БҰҰ, «Тәңірдің жоспары», Дж. Буш

# ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ США ПРИ ДЖ. У. БУШЕ

**Мырзабеков М.С.[1], Мырзабекова Р.С.[2]**

[1]к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, кафедра международных отношений и мировой экономики.
[2]к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, кафедра Всемирной истории, историографии и источниковедения. г. Алматы, Казахстан

**Аннотация.** В условиях глобализации мировой экономики важной прерогативойвнешней политики США в 90-е годы XX века была создание условий торгово-экономическим инетересам США. Администрация США торгово-экономические интерсы и национальную безопасность рассматривали в одном ракурсе. Дж.Буш как глава государства, свою миссию и миссию америки назвал «Планом бога».
В статье анализируется основные принципы внешней политики США при Дж.Буше-младшем. Также в статье раскрываются действенные механизмы осуществления внешнеполитических целей США на современном этапе. Наряду с этим, автор делает вывод о том, что Соединенные Штаты Америки проводят сложную внешнюю политику, основными принципами которой провозглашены «строительство безопасного мира» и «распространение демократии во благо американского народа» и международного сообщества.
**Ключевые слова:** Дж. Буш, «План бога», ООН, НАТО, многостронняя дипломатия, демократия, США, стратегия, реализм, прагматизм.

# BASIC PRINCIPLES OF USA FOREIGN POLICY UNDER G.W.BUSH

**Myrzabekov M.S.[1], Myrzabekova R.S.[2]**

[1]Candidate of Historical Sciences, Acting Professor at the al-Farabi Kazakh National University, Department international relations and world economy.
[2]Candidate of Historical Sciences, Acting Professor at the al-Farabi Kazakh National University, Department of the World History, Historiography and Source Studies. Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** In the context of the globalization of the world economy, an important prerogative of USA foreign policy in the 1990s was the creation of conditions for the USA trade and economic interests. The administration of the United States considered trade and economic intersections and national security in one racrus. George Bush, as the head of state, called his mission and the mission of America the "God's Plan".
The article analyzes the basic principles of USA foreign policy under George W. Bush. The article also reveals effective mechanisms for the implementation of USA foreign policy goals at the present stage. Along with this, the author concludes that the United States of America pursues a complex foreign policy, the basic principles of which proclaim "building a safe world" and "spreading democracy for the good of the American people" and the international community.
**Keywords:** G. Bush, "God'sPlan", UN, NATO, mighty diplomacy, democracy, USA, strategy, realism, pragmatism.

**Кіріспе**

XX ғасырдың 90-ж. осы күнге дейін АҚШ ықтималды бәсекелестерінің әскери-саяси үстемдігін басып озу бағытын ұстанып келді. XX ғасырдың соңғы онжылдығында АҚШ әскери шығындарын айтарылқтай қысқартты. Әскер санын (1,5 млн адамға дейін) қысқарту олардың сапасын – білім деңгейін және әскери дайындығын, техникалық жабдықталу деңгейін көтерумен қатар жүргізілді. Яғни, санын қысқартып, сапасын арттырды. Әскери қимылдарды жүргізуге мүмкіндік беретін әлеуетін арттыра отырып, АҚШ ядролық әлеуетінің негізін сақтап, жетілдіріп келеді. Бұл бағытта АҚШ ядролық қаруды одан әрі қысқарту жолында сақтықпен әрекет жасай отырып, оны қолдану стратегиясын қайта қарап, зымыранға қарсы қорғаныстың жаңа жүйелерін белсенді дамыту үстінде болды.

Бұл факторларXX ғасырдың 90-ж. соңына қарай Америка Құрама Штаттарына өзінің ықтималды бәсекелестерінен тарихта бұрын соңды болмаған рекордтық деңгейде әскери-техникалық алға озып шығуды қамтамасыз етті. Бұл алғашығушылық, әскери қуатты жаһандық деңгейде арттыру мен құрылықта әскери қимылдарды жүзеге асырудың қазіргі заманғы тәсілдерін қолдану деңгейінің жоғарылығымен сипатталады.

Кіші Дж. Буш кезіндегі АҚШ сыртқы саясатының идеологиясының негізі «неоконсерватівті» болып, өз даму жолында бірнеше сатылардан өтті. Реализм, прагматизм доктриналарын АҚШ халықаралық аренада басты назарға алды.

2001-2009 жылдар аралығында Дж. Буш әкімшілігі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптастқан халықаралық құқық және халықаралық институттар жүйесіне өзгерістер әкелетін шараларды іске асырды. Бұл экономика, саясат, әскери салаларда түбірлі өзгерістерге алып келді.

**Талқылау**

Америка Құрама Штаттарына төнетін тікелейәскери қауіп пен оның әскери үстемдігі негізінде қалыптасқан қазіргі жағдайдың бірегейлігіне тоқтала келе, У.Пэрри мен «Превентивті

қорғаныс» кітабының бірлескен авторлары АҚШ үшін ең маңызды фактор осы екі жағдайдың ұзақ жылдар бойы сақталуын қамтамасыз ету деп көрсетеді.

Америка тарихшысы А.Шлезингер АҚШ сыртқы саясаты мен жалпы тарихының «циклдық» сипаты туралы айтқан еді [1]. Буш билігі де кезекті циклды аяқтап, жаңа даму сипатының бастамасын қалады.

АҚШ сыртқы саясатына арналған ғылыми зерттеулерге тоқтала кетсек: кіші Дж. Буш билігі кезіндегі АҚШ сыртқы саясатының негізгі қағидалары мен тәжірибесінің қалыптасуына сараптама жасаған А.Вейсман, Дж. Д.Мур,-В. Слэйтер, А.Робертс еңбектері болып табылады [2]. Халықаралық қатынастардағы «саяси реализм» теориясына зерттеу еңбектерін арнағандар Х.Моргентау, Г.Киссинджер, Р.Нибур, Э.Басевич т.б. [3]. АҚШ сыртқы саясаты идеологиясының қалыптасуында шешуші роль атқарған «неоконсерватизм» теоретиктері – Ж.Страус, И.Кристол, М.Дектер, Д.Муравчик, М.Новак, Д.Монихэн, Д.Киркпатрик, Н. Подгорец, У. Кристол, Р. Перл, Ф. Фукуяма еңбектерін көрсету керек [4]. АҚШ сыртқы саясаты халықаралық қатынастар теориясының негізін қалаушылар еңбектерінде де талқыланды. Олардың қатарына С. Хантингтон, З. Бжезинский, К. Райе, А.Д. Богатуров, Е.П. Бажанов, А.В. Торкуновты жатқызамыз [5]. АҚШ-тағы саяси процестердің негізгі заңдылықтарын анықтайтын зерттеу еңбектеріне А. де Токвиль, Д. Кушман Койл, А. Шлезингер-младший, А.Г. Арбатов, Э.Я. Баталов, Н.В. Загладин, И.С. Иванов, Э.А. Иванян, А.А. Мишин, С.М. Рогов, В.В. Согрин, А.И. Уткин еңбектері жатады [6].

**Деректері**

АҚШ-тың атқарушы, заң шығарушы, соттық биліктерінің ресми құжаттары, АҚШ Ақ Үйінің, АҚШ Мемлекеттік Департаментінің, АҚШ Қорғаныс Министрлігінің, АҚШ Конгресінің ресми сайттарының материалдары және социологиялық зерттеу орталықтарының есептері мен статистикалық материалдары дерек ретінде пайдаланылды.

**Әдістері**

Жүйелілік, пәнаралық анализ тәсілдері қолданылды. Компаративтік, институционалдық, субъективтік ұстанымдар пайдаланылды. Бұл ұстанымдардың интеграциясы мен синтезі Дж.Буш кезіндегі АҚШ сыртқы саясатының себебін, генезисін, даму сатыларын сараптауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, халықаралық қатынастарды зерттеуде маңызды орын алатын контент-анализ және құжаттарға сараптама, саяси шынайылылықтың ақпарат құралдарында көрініс алуын бақылау тәсілі қолданылды.

**Нәтижесі**

XX ғасырдың 90-ж. соңына таман АҚШ сыртқы саяси стратегиясында бір-бірімен өзара байланысты екі ағым айқын көзге көрінді. Біріншісі, БҰҰ шеңберіндегі көпжақты ұжымдық шараларды бірте-бірте проамерикалық әскери-саяси одақтардың, ең алдымен, НАТО-ның қолдауымен біржақты түрдегі қимыл әрекеттерге көшіру болды. Алғашында, халықаралық қақтығыстарды реттеу мақсатында АҚШ «шабуылдаушы көпжақты дипломатия» концепциясын ұсынды [7]. Бұл концепцияның ең басты мақсаты БҰҰ-ның аясында бүкіл халықаралық қауымдастықтың ұжымды күш салуы арқылы «қырғи-қабақ» соғыс кезінде екі алпауыт мемлекеттің арасында қалыптасқан бәсекелестіктің орнын басу болатын. 1993 жылдың мамырында президент Клинтон БҰҰ-ның бітімгерлік потенциалын күшейтуге қолғабыс етуді және АҚШ тұрақты негізде БҰҰ-ның бітімгерлік операциялары үшін оның (БҰҰ-ның) оперативті басқаруына өзінің әскери контингентін беруді көздейтін № 13 директиваға қол қойды. Сол

жылдары АҚШ БҰҰ-ның аясында жүзеге асырылған Сомали, Гаити және Босниядағы бітімгерлік операцияларға белсенді қатысты. Бірақ Сомали операциясының сәтсіздікке ұшырауы, Босниядағы қақтығысты реттеу барысында АҚШ пен БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері (Ресей мен Қытай) арасында орын алған қайшылықтар тез арада АҚШ-ты «көптарапты шабуылдаушы дипломатия» принциптерінен бас тартуға және НАТО мен бұл құрылымдағы өзінің жеке күшіне арқа сүйеуге мәжбүр етті. 1994 жылдың жазына қарай аталмыш директива №24 директивамен алмастырылды. Бұл жаңа директиваның ең басты мақсаты БҰҰ-ның аясында іске асырылатын бітімгерлік операцияларға АҚШ-тың қатынасуы туралы қатаң талаптар қойды. Сонымен бірге, АҚШ БҰҰ-ның бітімгерлік күштерін және «НАТО сияқты құзырлы аймақтық ұйым» күштерін АҚШ-тың оперативті басқаруына берілуін де талап етті [8]. АҚШ-тың бұл қадамдарының оңды нәтижесі Босниядағы дағдарысты реттеу барысында өз көрінісін берді. Атап айтқанда, босниялық дағдарыс тек НАТО-ның іс жүзінде әскери бақылауы арқылы жүзеге асырылды, ал мұндағы БҰҰ-ның қатынасуы тек формалды сипатта болды.

АҚШ-тың біржақты (немесе НАТО шеңберінде) іс-қимылдары бұл елдің сыртқы саяси құралдарының арсеналында күштеу шараларының артқандығын көрсетеді. АҚШ сыртқы саясаты теоретиктерінің бірі С.Хантингтон бұл жөнінде: «Соңғы жылдары АҚШ біржақты түрде келесі мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылды: өзге елдерді американдық нормаларды және адам құқықтарының американдық стандарттарын қабылдауға мәжбүрлеу; қарапайым қару түрлері бойынша АҚШ-тың үстемдігіне нұсқан келтіретін жағдайды, өзге ықтималды бәсекелес бола алатын елдердің әскери әлеуетінің артуына жол бермеу арқылы алдын алу; басқа елдерге қатысты американдық заңнамаларды экстерриториялдық негіде қолдану; адам құқығы, есірткі саудасы мен терроризмге қарсы күрес, ядролық қару мен зымырандық технологияларды таратпау, сондай-ақ діни бостандықтарды; аталмыш стандарттарды сақтамайтын елдерге қарсы санкцияларды қолдануда американдық стандарттарға беріктігіне қарай өзге елдерді рангілеу... АҚШ-тың тікелей мүдделеріне қарсы келмейтін жергілікті қақтығыстарға араласу; басқа елдердің қару-жарақ сатудағы ұмтылыстарына тосқауыл қоя отырып, американдық қару-жарақтың экспортын арттыру; НАТО құрамына Польша, Чехия, Венгрияны қабылдау арқылы альянсты ұлғайту», - деп көрсетеді [9].

АҚШ арсеналындағы күштеудің негізгі құралы – экономикалық санкциялар мен әскери араласулар болды. Мысалы, 1993-1996 жылдар аралығында АҚШ біржақты түрде 35 елге қатысты экономикалық санкцияларды 65 рет қолданды. Бірақ АҚШ-тың біржақты экономикалық санкцияларының пәрменділігі төмен немесе, кейде АҚШ экономикасына айтарлықтай зиян алып келді. XX ғ. 90-ж. АҚШ әскери күшті алты ірі әскери операцияда (XX ғ. 80-ж. салыстырғанда екі есе жиі), Ауғанстан, Судан және Ирактағы бомбалық соққыларда пайдаланды. АҚШ тарапынан әскери күш қолдану қоқан-лоқылары, Солтүстік Корея (1994 ж.) мен Қытайға (1996 ж.) қатысты алаңдаушылықтар болды.

XX ғасырдың 90-ж. АҚШ сыртқы саясатының маңызды басымдылықтарының бірі әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында американдық сауда экономикалық мүдделерді алға бастыру болды. Саяси тұрғыдан алғанда бұл ілгері жылжуға «қырғи-қабақ» соғыстың аяқталуы негіз қалап берді. Аталмыш кезеңде АҚШ әкімшілігі сауда-экономикалық мүдделерді ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен тығыз байланыстырады. Сонымен бірге, әлемдік экономиканың қарқынды жаһануы, АҚШ-тың алдына әлемдік нарықта американдық тауарлардың бәсекелестігін арттырып, сыртқы нарықтарға шығуды жеңілдету мен күн санап бір-бірінен өзара тәуелділігі артып келе жатқан жаһандық қаржы-экономикалық жүйенің тұрақтылығын нығайту арқылы осы үрдіске белсенді түрде бейімделу міндеті тұрды.

Қазіргі кезде бірқатар сарапшылардың пайымдауы бойынша АҚШ-тың әлемдік экономикадан тәуелділігі ұдайы артып келеді. АҚШ әлемдегі ең ірі экспортер (мысалы, 2018

жылы Америка экспорты күніне 2млн баррелді құрады) болып табылады [10]. АҚШ-тың сыртқы сауда айналымына ішкі жиынтық өнімнің үштен бірі келеді және бұл салада 15 млн жұмыс орны бар. АҚШ жетекшілігі әрдайым мақтанышпен атап өтетін экономикалық өркендеу тікелей әлемдік экономиканың ырықсыздану деңгейіне байланысты. Бірақ АҚШ үшін интергациялық процестердің маңызы бұл елдің экономикалық мүдделері ауқымынан әлдеқайда шығып жатты. XX ғ. 90-ж. тәжірибесі көрсеткендей, нарықтардың, жеке кәсіпкерліктің ашықтығы мен бұл саланы құқықтық реттеу бұл процеске тартылған елдердің экономикалық (содан соң саяси) тәртібінің гегемонизациясының ырықсыздануы принципі негізіндегі халықаралық интеграция, американдық түсінік бойынша «еркіндік пен демократия аймақтарының» кеңеюіне алғышарттар қалыптастырады. АҚШ-тың «Ұлттық Қауіпсіздік стратегиясында» көрсетілгендей «экономикалық тұрақтылық пен өсу еркін нарықтарды тарату мен оларды жаһандық экономикаға интеграциялау үшін қажет» [11]. Сонымен бірге бұл құжатта «Салауатты жаһандық экономика үшін қажетті шарттар, демократиялық бостандықтарды нығайтады. Бұл дегеніміз – идеялар және ақпараттармен емін-еркін алмасу, шекаралардың ашықтығы мен еркін жүріп-тұру заңының өктемділігі және тұтынушылардың құқықтарын қорғауда әділ қолданылуы, білікті және кәсіби жұмыс күші»,-деп атап өтілген [12]. Басқаша айтқанда, экономиканың жаһандануы аталмыш көзқарасқа сәйкес, Американың пайдасына қолануға болатын демократизацияның үлкен потенциалын өз бойына жинақтаған.

Сонымен бірге іс жүзінде бұл процестің қауіпті жақтары бар екендігін естен шығармаған жөн. Атап айтқанда, өзара тәуелділік жағдайында әлемдік қаржы жүйесінің нашарлығының арта түсуі – бір-бірімен сауда соғысы жағдайында тұрған аймақтық деңгейде тұйықталған сауда-экономикалық бірлестіктердің құрылуы. Сондықтан, АҚШ ең қуатты экономикалық алпауыт мемлекет ретінде басқа елдермен салыстырғанда сауданың еркіндігі мен әлемдік экономиканың тұрақтылығына мүдделі. Осы мақсатқа жету үшін АҚШ іс жүзінде, жаңадан қалыптасып келе жатқан жаһандық жүйені ұйымдастырушы ядро және осы жүйені қорғаушы рөлін өзіне міндет етіп қабылдады. АҚШ аталмыш жүйені өзінің ұлттық мүдделеріне толық жауап беретін принциптер негізінде құруға ұмтылыс танытып келеді. Әскери-саяси саладағы сияқты АҚШ «бірполярлы сәтті» өзіне тиімді экономикалық әлемдік тәртіптің негізін көп жылдарға алдын ала қалап алмақшы. Бұл орайда президент Б.Клинтон: «Біз әлемде үстемдік етіп отырмыз, бірақ бұл жағдай мәңгілік емес, демек, АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігі, жаһандық позициялары және экономикалық сәттілігі үшін біз Американы әлемде пайда болып жатқан барлық сауда тораптарының кіндігіне айналдыруымыз қажет»,- деген болатын [13].

Айтқандай-ақ, XX ғасырдың 90-ж. орта шеніне қарай, оның бастамаларымен құрылып жатқан ірі аймақтық бірлестіктерде АҚШ өзінің шешуші рөлін иеленді. Әсіресе, АҚШ белсенділігі Солтүстік Американдық еркін сауда аймағында және осы іспеттес АТА (АТР) аймағында ерекше көзге түседі. АҚШ жоспары бойынша АТА 2020 жылға дейін АТЭЫ (АТЭС) елдерін түгелдей қамтуы тиіс. Экономикалық интеграция мейілінше дамып, қарқын алып отырғанда, АҚШ өзі 1995 жылы мұрындық болған «Трансатланттық күн тәртібі» (1998 жылы «Трансатланттық экономикалық әріптестікке» ұласқан) бағдарламасының арналары арқылы белсенді араласуда. АҚШ бұл бағытта болашақта ұзақ мерзімге есептелген трансатланттық еркін сауда аймағын құруды көздейді. Осындай шаралардың арқасында АҚШ әлемдегі негізгі аймақтық сауда-экономикалық бірлестіктермен болашақта ынтымақтастық көпірін қалыптастырады деп айтуға толық негіз бар. Бұл орайда, АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік хатшысы М.Олбрайт: «Америка мүддесіне жұмыс істейтін жаһандық экономикалық жүйені қалыптастыру, АҚШ сыртқы саясатының таяудағы маңызды міндеттерінің біріне санады»,-деген болатын [14].

Өзін әлемдік қаржы тұрақтылығының ең басты кепілі ретінде таныта отырып, АҚШ мексикалық песоны (1994-1995 жж.) құтқаруда шешуші роль атқарды, сондай-ақ, ХВҚ (МВФ)-

мен бірлесе отырып, аймақ елеріне көпмиллиардты несие беру арқылы АҚШ Азиядағы қаржы дағдарысының нәтижелеріне төтеп беруге атсалысты. Сонымен қатар, 2002 жылы Аргентинада орын алған экономикалық коллапспен күресуге қол ұшын беріп, 1998 жылы АТЭЫ (АТЭС) елдерінің қаржы министрлері мен орталық банктері жетекшілерінің тұрақты әрекет жасаушы форумын ұйымдастыруда бастамашы болды.

Бұдан өзге АҚШ тарифтер мен сауда жөніндегі көптарапты келіссөздердің уругвайлық кезеңін жылдамдатып, әлемнің негізгі аймақтарының елдерін біріктіретін Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуына белсенді атсалысты. 1993-1998 жж. АҚШ әртүрлі елдермен өз тауарларының сыртқы нарықтарға түсуін жеңілдететін жалпы саны 240 сауда келісімін жасады [15]. Осы мақсатта АҚШ өзінің ең басты сауда бәсекелесі болып табылатын Жапония мен Қытайға айтарлықтай қысым жасауға дейін барып, бұл өз кезегінде соңғысының ДСҰ-ға кіруіне әкеліп, Америка бизнесі өткен ғасырда «ашық есік» доктринасын жариялаудан бері көксеп келген теңдесі жоқ нарықтың ашылуына әкеліп соқтырды. Американың ғылыми-техникалық артықшылығының негізін қалайтын жаңа ақпараттық технологиялар саласында авторлық құқықтарды қорғауда Вашингтон белсенді соғыс жүргізді. ЕО-мен және Жапониямен де сауда соғыстары орын алды.

Америка дипломатиясының «коммерциялануы» АҚШ-тың дипломатиялық аппаратының ұйымдастырушылық құрылымын қайта құрудан көрініс берді. АҚШ президентінің атқарушылық басқармасында «Ұлттық экономикалық кеңес пен экспорттық стратегияның ведомстволық орталығы құрылды, ал мемлекеттік департаментте, қорғаныс министрлігінде арнайы сауда экономикалық бөлімшелер» пайда болды.

АҚШ-тың экспорттық стратегиясының маңызды бөлігі болашағынан үлкен үміт күтуге болатын ондаған ұлттық – Қытайдың (Гонконг пен Тайваньды қоса), Үндістанның, Индонезияның, Оңтүстік Кореяның, Мексиканың, Бразилияның, Аргентинаның, Польшаның, Түркияның және Оңтүстік Африканың нарықтарын мақсатты түрде жаулап алу болып табылады.

АҚШ-тың қазіргі кезеңдегі сыртқы саяси стратегиясының үшінші мақсатты жоспары (елдің гүлденуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар) әлемде демократияны алға жылжыту болып табылады. Американдық нұсқа бойынша әлемді демократиялық жағынан қайта құру баяғыдан бері АҚШ-тың сыртқы саясатының негізгі белгілерінің бірі болғандығына қарамастан, бұл міндеттерді саясат деңгейіне дейін көтеру соңғы жылдардағы елдің халықаралық жүйе мен тәртіпке ұмтылыс танытқан жаңалықтарының бірі болып саналады. Алғаш рет «әлемдік еркін нарықтық демократиялар қауымдастығын ұлғайту стратегиясын» Ақ үй 1993 жылы «тежеу» стратегиясының орнын басу мақсатында ұсынған болатын. Аталмыш стратегияда («Әлемдік еркін нарықтық демократиялар қауымдастығын ұлғайту стратегиясы») нарықтық демократиялар қауымдастығын нығайту, жас демократиялы елдерді өсіру, топтастыру және антидемократиялық режимдерге қарсы тұру. Соңғы жылдары алға қойылған міндеттер біршама өзгерістерге ұшырағанымен, демократияны ілгері бастыру АҚШ сыртқы саясатының маңызды ірі басымды саласы болып отыр.

Америка үшін дәстүрлі болып табылатын демократияны тарату мейілінше қолайлы және қауіпсіз ортаның ұлғаюын білдіреді деген сенім соңғы уақытта «демократиялық әлем» мектебі тарапынан қосымша қолдауға ие болды. Бұл сенімнің негізгі постулаты демократиялық құрылымды мемлекеттер бейбітшілік сүйгіш болып келеді деген көзқарасқа негізделген. XX ғасырдың басында президент В. Вильсон мен оның жақтастары «демократия үшін дүниені қауіпсіз ету» деген идеалистік заңды ұсынса, қазіргі заманғы вильсоншылдар мейілінше прагматикалық мақсатты – демократияның көмегімен дүниені қауіпсіз етуді көксейді.

«Демократияны ілгерілетудің» екінші бір негіздемесі – «қырғи-қабақ» со,ыс пен коммунистік жүйенің күйреуінен соң әлемде батыстық демократияның серпінді дамудың бірден-

бір жұмыс істеуші моделі болып табылады деген ұстаным. Олар (батыстық демократиялық модельді жақтаушылар) барлық елдер бұл модельге өздерінің мәдени және әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан ұмтылулары керек деген көзқарасты берік ұстанады. Мәне осылай, АҚШ-тың ірі либералды-демократиялық қуатты мемлекет ретіндегі миссиясы демократияның жаһандық үдерісін ынталандырып, оны бағыттаудан көрініс береді. Аталмыш рөлдің белсендірілуі айтарлықтай деңгейде ұлан-байтақ посткеңестік кеңістіктің пайда болуына алып келді. Бұл мәселені кеңінен талқылайтын болсақ, онда демократияны ілгерілету көптеген құрамды бөліктерден тұратын кешенді іс-қимыл бағдарламасы ретінде қарастырылады. Оның құрамына әскери-саяси және экономикалық шаралар жатады. Мысалы, НАТО-ның ұлғаюы осы бағыттағы мағызды реформа ретінде түсіндіріледі. Демократияландыру мен экономикадағы нарықтық реформаларға және экономикалық интеграцияларға қолдау көрсету жас демократиялық елдерді топтастырудың алғышартымен тығыз байланыстырылады.

Тар ауқымда алғанда, АҚШ-тың сыртқы саясатында «демократияны ілгерілету» дегеніміз – бірқатар министрліктер мен ведомстволардың американдық нормалар мен демократиялық институттарын басқа елдердің заңнамалары мен тәжірибелеріне енгізу. Бұл жерде осы мақсаттарды жүзеге асыратын негізгі құрал адам құқықтарын, ашық, әрі таза сайлаулардың өткізілуін, азаматтық қоғамды нығайту және режимдер мен мемлекеттік органдардың халық алдында есеп беруін қамтамасыз ету бағытында техникалық және қаржылай көмек көрсететін «Халықаралық даму агенттігі» болып табылады.

